

Е. Маралбек 

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан
*e-mail: elahau@mail.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ОҚУ ҚҰРАЛЫ» БАСЫЛЫМДАРЫ: БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ, ТИПОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІК

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының 1912-1928 жылдарда жарық көрген «Оқу құралы» оқулығы басылымдарының библиографиясы мен типографиялық ерекшелігі талданады. «Оқу құралы» деп аталатын желілес кітаптардың түпнұсқа басылымдары толық салыстырылып, олардың басылым тәртібі мен саны, оқулықтың түрлері мен бір-бірінен ерекшеліктері, «оқу құралы» атауының терминдік мәні мен бүгінге дейін кирилше жарық көрген басылымдар өзара жүйелі салыстырылып, оқулықтың қанша рет басылғаны және оның себептері сараланбаған. Мақалада талдау үш кезеңге бөліп жүргізілді: бірінші кезеңде «Оқу құралы» атауының терминдік мағынасы (дефиница) талданып, «алфба» атауымен байланысы, одан айырмашылығы көрсетеді; екінші кезеңде «оқу құралы» деп қандай оқулық түрлері атағаны қарастырылды. Нәтижесінде «Оқу құралы» басылымдары «әліппелер», «баяншы», «хрестоматия» атты үш топқа бөлініп, әр топқа қандай басылымдар жататыны кесте түрінде жіктеліп көрсетілді және оның жүйесі түсіндірілді; үшінші кезеңде «Оқу құралы» басылымдарының толық библиографиялық көрсеткішін жасау үшін түрлі ғылыми-публицистикалық әдебиеттер мен дереккөздерде кездесетін мәліметтер түпнұсқа еңбектермен салыстырылып, бұған дейін ағат берілген басылымдар анықталды, дерегі бар, табылмаған басылымдар туралы дәйектер ұсынылды және «Оқу құралының» 1912-1928 жылдар аралығында жарық көрген 23 басылымы анықталып, толық метадеректермен тізімі жасалды.

Түйін сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, «оқу құралы», «әліппе», библиография, типография.

Y. Maralbek

A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: elahau@mail.ru

Editions of the work «Oku Kuraly» by Akhmet Baitursynuly: bibliographic and typographical features

The article analyzes the bibliography and typographic features of Akhmet Baitursynuly's textbooks "Oku Kuraly", published in the period from 1912 to 1928. The original editions of books called "Oku Kuraly" are compared in full, the order and number of their editions, the types of textbooks and their differences, the terminological meaning of the name "Oku Kuraly", as well as Cyrillic editions released to date are investigated. A systematic comparison is carried out, the number of times the textbook has been published and the reasons for these publications are studied. The analysis is divided into three stages: at the first stage, the terminological meaning (definition) of the name "Oku Kuraly" is analyzed, its connection with the term "alfba" (alphabet) is considered and their differences are emphasized. At the second stage, the types of textbooks that were designated as "Oku Kuraly" are considered. As a result, the publications "Oku Kuraly" are divided into three groups: "alphabetical books", "explanatory books" and "anthologies", with a list of publications for each group in the table and an explanation of their system. At the third stage, in order to compile a complete bibliographic index of "Oku Kuraly" publications, information from various scientific and journalistic sources is compared with original works, errors in previous bibliographic data are identified, links to missing publications are provided, and a list of 23 Oku Kuraly publications issued between 1912 and 1928 is compiled, with complete metadata.

Keywords: Akhmet Baitursynuly, "Oku Kuraly", "The ABC", bibliography, printing house.

Е. Маралбек

Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынова, Алматы, Казахстан

*e-mail: elahau@mail.ru

Издания труда «Оқу құралы» Ахмета Байтурсынулы: библиографические и типографские особенности

В статье анализируются библиография и типографские особенности учебников Ахмета Байтурсынулы «Оқу құралы», изданных в период с 1912 по 1928 год. Оригинальные издания книг под названием «Оқу құралы» сравниваются полностью, исследуются порядок и количество их изданий, виды учебников и их отличия, терминологическое значение названия «Оқу құралы», а также издания на кириллице, выпущенные до настоящего времени. Проводится систематическое сравнение, изучается, сколько раз был издан учебник и причины этих публикаций. Анализ разделен на три этапа: на первом этапе анализируется терминологическое значение (дефиниция) названия «Оқу құралы», рассматривается его связь с термином «алфба» (алфавит) и подчеркиваются их различия. На втором этапе рассматриваются виды учебников, которые обозначались как «Оқу құралы». В результате публикации «Оқу құралы» разделены на три группы: «алфавитные книги», «пояснительные книги» и «хрестоматии», с перечнем изданий для каждой группы в таблице и объяснением их системы. На третьем этапе для составления полного библиографического указателя публикаций «Оқу құралы» информация из различных научных и публицистических источников сравнивается с оригинальными произведениями, выявляются ошибки в предыдущих библиографических данных, приводятся ссылки на недостающие публикации, и составляется список из 23 изданий «Оқу құралы», выпущенных в период с 1912 по 1928 год, с полными метаданными.

Ключевые слова: Ахмет Байтурсынулы, «Оқу құралы», «Букварь», библиография, типография.

Кіріспе

Ахмет Байтурсынулының «Оқу құралы» деп аталатын желілес кітаптары мен оның көптеген басылымдары бұрын-соңды арнайы лингвистикалық, лингвотекстологиялық зерттеу нысаны болмады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап ғалым еңбектері кирил қарпімен қайта жарық көре бастағанымен, «оқу құралы», «әліппе» аталатын бірнеше басылымдар әлденеше рет жарық көріп, ғалым еңбектерінің көптомдығына енгенімен, аталмыш еңбектің толық басылымдары өзара салыстырылып, толық библиографиясы жасалмады. Мұны ахметтанудағы, ғалымның тілтанымдық мұрасы мен әдістемесін зерттеудегі үлкен олқылықтың бірі деуге болады. Өйткені ғалым ойы, ғылыми-шығармашылық қызметі ұдайы даму үстінде болғаны, дәуір тынысы мен заман сынына қарай, оқушылар мен қоғамның сауаттылық деңгейіне сәйкес жетілдіріліп отырғаны белгілі. Ғалым еңбектерінің көптеген басылымдарында бір-бірімен тұтасып, тамырдай тарамданып жатқан әрбір жеке тұжырымдарын ескермей, әр тақырып бойынша зерттеу нысанын кешенді түрде, құрмаластықта қарастырмай тұрып, ғалым ойқазынасын ашу, таным жұлгесі мен жүйесіне терең бойлау мүмкін емес.

Олай болса, бұл зерттеудің өзектілігіне, жоғарыда атаған олқылықтардың қисынына көз жеткізу үшін Тәуелсіздік кезеңінде кирил қар-

пімен қайта жарық көрген «Оқу құралы» басылымдарына шолу жасап қарайық:

Ахмет Байтурсынулы еңбектерін туған халқымен қайта қауыштырған алғашқы жинақтар, 1991 жылы жарық көрген «Ақжол» мен 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» болды. Ахметтанудың басталуы мен жандануында бұл жинақтардың маңызы қаншалықты зор болғанын атап өте отырып, алғашқы басылым болғандықтан, кемшіліктері де болғанын жасыра алмаймыз, әсіресе графикалық аудармада айтарлықтай ағаттықтар бар. Соған қарамастан бұл жинақтар қазірге дейін көптеген зерттеулер мен Байтурсынулы еңбектерінің кирил басылымдарына негізі болып келеді. «Ақжол» жинағында Ахмет Байтурсынулының әдеби шығармалары топтастырылса, «Тіл тағылымы» жинағында тілтанымдық мұрасы топтастырылған. Бізге керегі тілтанымдық еңбектер болғандықтан, мақалада «Тіл тағылымы» жинағы дереккөз ретінде алынады.

Аталған «Тіл тағылымы» жинағында «Оқу құралының» төмендегі басылымдары енген:

1. «Оқу құралы». *Бісул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша алфба. 1-кітап.* – Орынбор: «Керимов, Хусайынов уә шаркасы» баспасы, 1912. – 40 б.

2. «Әліп-би» (Жаңа құрал). *3-рет басылуы.* – Қызылорда: Қазмембас, 1928. – 116 б.

3. «Сауат ашқыш». *Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліпби. Сауатсыз үлкен-*

дер үшін 1-кітап. – Семей: Губиздат, 1926 ж. – 83 б.

4. *Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін. – Қазан: 6-я Государственная типография, 1920 ж. – 15 б.*

Мұндағы «Баяншы», «Сауат ашқыш» еңбектері алғашында «Оқу құралы» атауымен жарық көрген. «Оқу құралының» осы төрт басылымы Байтұрсынұлы еңбектерінің қазақ-кирил графикасымен кейіннен жарық көрген шығармалар жинағында әлденеше рет көшіріліп басылды. Айталық:

2003-2006 жылдары жарық көрген «Ахмет Байтұрсынұлының Бес томдық шығармалар жинағының» 4-томына дәл 1912 жылғы бірінші басылым мен «Сауат ашқыш» еңбегінің 1926 жылғы басылымы және 3-томға «Баяншы» еңбегінің 1920 жылғы басылымы енген. Ал «Әліп-би» (Жаңа құрал) еңбегінің 1928 жылғы басылымының орнына 1926 жылғы басылымы жаңартылғандай сипатта берілген. «Әліп-би» (Жаңа құрал) 1926-1928 жылдарда өзгеріссіз 3 рет қайта басылған, басылымдарының арасында айырмашылық жоқ, сондықтан «Тіл тағылымы» жинағындағы 1928-жылғы басылым Бес томдықта тек жылы ғана 1926 жылға түзетіліп берілген болуы тиіс. Ал 2-томында ғана Телжан Шонанұлымен бірге жазған «Оқу құралы» (Хрестоматия) еңбегінің 1927 жылғы 2-басылымы алғаш жарық көрді.

2013 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсынұлының Алты томдық шығармалар жинағында» Бес томдық шығармалар жинағындағы «Оқу құралы» басылымдары толық қайталанып берілген.

2013 жылы ф.ғ.д., профессор Ғ.Әнестің құрастыруымен жарық көрген «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта да «Тіл тағылымы» жинағында жарық көрген «Оқу құралы» басылымдарының 1912 жылғы («Алфба») және 1920 жылғы («Баяншы») нұсқалары қайта басылған.

2022 жылы шыққан «Ахмет Байтұрсынұлының Үш томдық таңдамалы шығармалар жинағының» 1-томында «Оқу құралының» ересектерге және балаларға арналған 1921 жылғы екі басылымы берілген. Бұлар – «Оқу құралы» басылымдарының бұған дейін кирилше жарияланбаған нұсқалары.

2022 жылғы «Ахмет Байтұрсынұлының Он екі томдық шығармалар жинағы» 6×2 принципімен жарық көрді. Бұл көптомдықтың 3-томында да «Оқу құралының» «Тіл тағылымы» жинағынан бері жарық көріп келе жатқан 1912 («Алф-

ба»), 1926 жылғы басылымдары («Әліп-би // Жаңа құрал») және 5-томда 1926 жылғы «Сауат ашқыш» қайталанып басылған. Ал «Баяншы» еңбегінің 1921 жылғы Ташкент басылымы, 10-11 томдарына Т.Шонанұлымен бірге дайындалған «Оқу құралының» (Хрестоматия) 1927 жылғы үшінші басылымы алғаш жарияланған. Бірақ бұл екі басылымның да өзінен бұрынғы басылымдардан айырмашылығы жоқ.

Сондай-ақ төмендегі басылымдар, төте жазудан аударылмастан, түпнұсқа фотофаксемиле түрінде берілген:

1. *«Оқу құралы». Қазақтан басқа, түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатын қаріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген алфбаға жалғас екінші кітап. – Орынбор: «Керимов, Хусайынов уә шарқасы» баспасы, 1913. – 49 б.*

2. *«Оқу құралы». Ысул сүтие жолымен тәртіп етілген Қазақша алфба. 4-басылуы. – Ташкент: «Түркістан жумриятының дәләт нәшрияты, 1922 ж. – 85 б.*

3. *«Оқу құралы». Қазақша алфба. Үлкендер үшін 1-кітап. – Семей: Вторая гос. типография, 1921 ж. – 30 б.*

4. *«Әліп-би». Жаңа құрал. – Қызылорда: Қазмембас, 1927 ж. – 116 б.*

Бұл басылымдардың кирилицаға аударылмай Көптомдыққа енген себебі түсініксіз.

2022 жылы жарық көрген «Ахмет шығармаларының академиялық толық жинағының» (Бес томдық) 2-томында да «Оқу құралы» басылымдарының «Тіл тағылымы» жинағынан бері басылып келе жатқан толық емес нұсқалары енген. Атап айтқанда: 1912 (Балаларға арналған алфба), 1921 (Үлкендерге арналған алфба), 1926 жылғы («Әліп-би // Жаңа құрал») басылымдары, ал 3-томында Т.Шонанұлымен бірге жазған «Оқу құралының» (Хрестоматия) 1927-жылғы басылымы енген.

Бұл қысқаша шолудан барлық жинақтарда «Оқу құралы» еңбегінің 4-5 басылымы қайталанып беріліп отырғанын, қазірге дейін толық басылымдары жарық көрмегенін, барлық басылымдары өзара салыстырыла зерттелмегенін анық көруге болады.

Олай болса, «Оқу құралы» басылымдарының библиографиясын, типографиялық ерекшеліктерін зерттеу нысаны ету, әуелі – Ахмет Байтұрсынұлының шын мәніндегі толық академиялық шығармалар жинағын құрастыруда, екіншіден, қазақ жазуының теориялық және практикалық мәселелерін зерттеуде өзекті тақырып саналады.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін мынадай міндеттер желісіне жауап іздеу керек:

Бірінші, «Оқу құралы» атауының терминдік мағынасын (дефиница) ашу;

Екінші, «Оқу құралы» деп қандай оқулық түрлері аталатынын анықтау;

Үшінші, 1912-1928 жылдар аралығындағы «Оқу құралы» басылымдарының толық библиографиялық көрсеткішін жасау;

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің алғашқы сатысында қазірге дейін кирил қарпімен жарық көрген «Оқу құралы» басылымдары және ол туралы библиографиялық деректер жинақталды. Нәтижесінде көптеген қайталама және толық емес библиографиялық деректер, бір еңбектен екінші бір еңбекке тексерусіз көшіріліп отырған мәліметтер мен жалған басылымдар анықталды. Бұл аталған зерттеудің өзектілігін нақтылай түсті.

«Оқу құралы» басылымдарының библиографиясы мен типографиялық ерекшелігі түпнұсқа деректерсіз анықтау мүмкін емес. Сондықтан бұл зерттеуде архивтік әдіс негізгі әдістердің бірі саналады.

Бірінші кезекте Қазақстан мен шетелдік кітапханалардан, архивтерден Ахмет Байтұрсынұлының түпнұсқа еңбектері жинақталды. Солардың қатарында ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар қоры, ҚР Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар қоры пайдаланылды. Еліміздегі кітапханаларда «Оқу құралының» барлық басылымдары сақталмағандықтан, шетелдік архивтер мен кітапханалардың сирек қорлары да пайдаланылды. Бұлардың қатарында РФ-ның В.Ленин атындағы мемлекеттік кітапхана қоры, РФ Қазан қаласындағы Татарстан ұлттық кітапханасы мен Н.И.Лобачевский атындағы Қазан Федералды университетінің кітапхана қоры, Орынбор қаласындағы Н.К.Крупская атындағы Облыстық Әмбебап ғылыми кітапхана қоры, Орынбор облысының Біріккен мемлекеттік архиві, Өзбекстанның Ташкент қаласындағы Ә.Науаи атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар қоры және Шығыстану институтының Қолжазбалар мен сирек кітаптар қоры пайдаланылды. Нәтижесінде «Оқу құралының» көптеген түпнұсқа басылымдары жинақталып, библиографиясы жасалды. Бұл осы мақала тұжырымдарының дәйектемелік, дәлелдемелік және материалдық базасын құрады.

Зерттеудің келесі кезеңінде жинақталған түпнұсқа басылымдар өзара салыстырылып, мета-деректері негізінде әр басылымның ерекшелігі мен ұқсастықтары анықталды және «Оқу құралының» 23 басылымы анықталып, толық тізімі жасалды. Сондай-ақ түпнұсқасы табылмаған бірнеше басылымдар мен әлі де зерттеушілер назарына ілікпеген, бірақ шындыққа жанасатын басылымдар туралы деректер беріліп, дәйектер ұсынылды.

Зерттеудің келесі кезеңінде «Оқу құралының» жинақталған 23 басылымы төрт топқа жіктеліп, жүйесі мен ерекшеліктері көрсетілді. Нәтижесінде «Оқу құралы» басылымдарының оқу-оқыту үдерісіндегі функциясы мен логикасы анықталды. Бұл кезеңдер үшін салыстырмалы-тарихи, текстологиялық және сипаттамалы әдістер интегративті сипатта қолданылды.

Зерттеудің соңғы кезеңінде «Оқу құралы» басылымдарының толық библиографиясы жасалып, типографиялық басылым саны анықталды және қорытынды тұжырымдар шығарылды. Бұл үшін құрылымдық және сипаттамалы әдістер қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Тақырып бойынша әдебиеттерді екі топқа бөлуге болады: біріншісі, «Оқу құралы» және оның кейбір басылымдары туралы жазылған түсініктемелер мен мақалалар; екіншісі, оқу құралының толық басылымдары.

«Оқу құралының» барлық басылымдарын өзара салыстырыла қарастырған толыққанды зерттеу жоқ екенін жоғарыда айттық, дегенмен, қолда бар деректер негізінде жазылған түсініктемелер, ақпараттық мақалалар бар. Олардың қатарында:

Г. Мамырбектің бірнеше мақаласы жарық көрді (Мамырбек, 2019). Мақалаларда автор Ахмет Байтұрсынұлы әліппелерінің құрылымы мен мазмұнын түсіндіре келіп, «бүгінгі қазақ әліпбиі «Байтұрсынұлы әліпбиі» негізінде түзуге бола ма, жоқ па?» деген сұраққа жауап іздейді. Сондай-ақ әліппелердің әдістемелік қырын қарастырады (Мамырбек & Байтенова, 2022);

Ғ. Әнес төселген ғылыми-публицистикалық стиль, көкейге қонымды логика, бұлжымас архивтік дәйектер мен ғылыми тәжірибе, ой саларлық тұжырымдар негізінде жазылып, 2020 (Әнес, 2020) және 2022 (Әнес, 2022) жылдары жарияланған әліппе туралы мақалалары назар аударуға тұрарлық. Ғалым бұл еңбегінде біз

білмейтін, бұрын-соңды дерегі еш жерде кездеспейтін «Оқу құралының» 1919 жылғы басылымы туралы да деректер береді. Бұл мақалалар «Оқу құралы» басылымдарын өзара салыстыра зерттеуден гөрі, оның ел тарихындағы маңызын баяндауға арналған;

Р. Имаханбет 2022 жылдың соңында жарық көрген «Ахмет Байтұрсынұлының Он екі томдық шығармалар жинағының», 3-томында «Оқу құралы», «Әліппе» туралы ғылыми түсініктеме ретінде шолу сипатындағы ақпараттар береді (Байтұрсынұлы, 2022);

Ә. Ахметұлы 2022 және 2023 жылы жарияланған «Оқу құралы» туралы мақалаларында толығырақ ақпараттар бергісі келген (Ахметұлы, 2022, 2023). Бірақ аталған мақаламен таныса келгенде, автордың отандық сирек қорларды ғана пайдаланғаны көрінеді. «Оқу құралының» ең керекті алғашқы басылымдары мен кейбір басылымдары Еліміздегі кітапханалардың Сирек кітаптар қорында сақталмағанын назарға алғанда, мақаланың жеткіліксіз тұстарын шамалауға болады. Мақалада деректердің дәлдігі мен дәйектердің айқындығынан гөрі, көп мәселенің нақты себебін дөп баса алмай, алыстан болжап, поэтикалық топшылаумен жалпылама жазылған. Сондықтан мақаланың ғылымилық емес, ақпараттық сипаты басым болған.

Біз зерттеуімізде бұл деректерге сүйенбейміз, өйткені қолымызда жинақталған түпнұсқа еңбектер бұдан әлдеқайда толық, қарастыратын мәселеміз анағұрлым кең және авторлар ұсынған деректерге әуелден қанықпыз. Дегенмен, авторлардың ізденістерін бағалай келе, бізге дейін жарық көрген деректер ретінде атап өткен жөн.

Зерттеудің негізгі материалдық базасы – отандық және шетелдік сирек кітаптар қорынан жинақталған «Оқу құралының» 1912-1928 жылдары жарық көрген 23 басылымдары.

Нәтижелер мен талқылау

Ахмет Байтұрсынұлының жазу реформасы «Оқу құралы» еңбегінен бастау алады. Еңбек алғаш 1912 жылы жарық көргенде оның мұқабасында «Ысул сүтие жолымен тәртіп етілген қазақша алфба» деп берілген. Демек, қазақтың ұлттық жазуы әліппеден бастау алады. Екінші сөзбен айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы ұлттық жазу реформасын әуелі балалардан бастап енгізген. Осы тұста заңды сұрақ туады: ғалым жазу реформасын неге балалардан бастады, жазу, әуелі ересек адамдар үшін керек еді? Біздің ойы-

мызша, дін мен дәстүр құндылықтары санада берік орныққан, заман мен тіршіліктің тауқыметі күнделікті өмірінде жеңістік алған ересектерді оқуға иландыру, Құран қарпі саналатын арабграфиялы қадім, жәдит жазуларына өзгеріс енгізу мен түзетулерді қабылдату – қиынның қиыны. Сондықтан да ғалым ұлтты оятуды балалардан, яғни болашақтан бастаған болса керек. Ол үшін оқу, білім керек, ал білім үшін, әрине, ұлттық жазу керек. Демек, бұл жерде «оқу», «білім алу» – ұлтты ояту жолындағы ғалымның ағартушылық қызметінің басты концептуалды ұғымы. Ал оның құралы – әліппе. Сондықтан да жазу үйренуге арналған бұл алғашқы желілес кітаптар «Оқу құралы» (Оқудың құралы) аталды.

Оқудың құралы (білім алудың) – жазу немесе жазу үйрететін әліппе болған екен, сол оқуға керек тілді меңгертетін, тілдің жүйесі мен заңдылығын танытатын кітап, әрине тілтанудың құралы – «Тіл-құрал» аталғаны содан болса керек. Бұл туралы ғалым: *««Тіл-құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат»* (Байтұрсынұлы, 1914: 2), – дейді. «Оқу құралы» да – бұған дейінгі ешбір ескі басылымдар мен деректерде кездеспейтін жаңа атау. Ахмет Байтұрсынұлының әрбір кітабының атауы – бренд. Бұл бірегей атаулардың астарында терең мағына, жүйелі тілтанымдық логика жатады.

«Алфба» атауы А.Байтұрсынұлы «Оқу құралы» (Алфба) алғаш жарық көрген 1912 жылға дейін де болған, тіпті мұның тарихы ондаған ғасыр әріге барады. Ы.Алтынсарин, Илменский, А.Е.Алекторвтардың кирил қарпімен жарық көрген хрестоматияларын айтпағанда, ХХ ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлына дейін немесе қатар бірнеше арабграфиялы қазақша әліппелер жарық көрді. Атап айтқанда: 1910 жылы Уфада Мұхамед-Ораз Нұрбайдың (Қызылжари) «Қазақша алфбасы», 1911 жылы Уфада Ғалия медресесі шәкірттерінің (Ишанғали Арабаев, Хафиз Сәрсекеев) «Алфбасы» (Төте оқу), 1912 жылы Орынборда Қоңырқұлжа Қожықовтың «Алфбасы» (Буквар), 1912 жылы Уфада Мұстақым Малдыбаев «Алфбасы» (Қазақша ең жаңа алфба), 1913 жылы Қазанда Кенжеғали Ғабдоллиннің «Қазақ балаларына жәрдем», 1913 жылы Қазанда Бөкей Ордалық Ишанғали Бейсенұлының «Дұрыс жазу қағидалары», т.б. әліппелер жарық көрді. Бұдан басқа осы жылдарда қазақ тілінде шыққан оқу кітаптары (хрестоматия), жазуға қатысты еңбектер біршама, бәрін мұн-

да атаудың реті жоқ. Демек, «Алфба» (әліппе) атауы және әліппе құрылымының кейбір элементтері ХХ ғасыр басында зиялы қауымға жаңалық емес. Мұндағы басты айырмашылық – мазмұнда, жүйеде.

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің аталған алғашқы ғылыми-методикалық кітабын «әліппе» деп атамай, «оқу құралы» деп атады. Жаңа атау түсінікті болу үшін мұқабада «Ысул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша алфба» деп түсіндірме береді. Осының өзінен «әліппе» атауының қазақша баламасын ғалым «оқу құралы» деп бергенін көруге болады. Дегенмен, «оқу құралы» атауы 1925 жылға дейін өзгеріссіз қолданылып, 1926-1928 жылдары, қазақ емлесі жаңаруына орай жаңарып, «жаңа құрал» болып өзгереді. Сондай-ақ

бұрынғыдай «оқу құралы» немесе «жаңа құрал» емес, «әліп-би» атауы басымдық алып, еңбектің негізгі атауы ретінде орнығады. Бұл атау қазірге дейін өзгеріссіз сақталып, «әліппе» аталатыны баршаға белгілі. Ал «оқу құралы» атауы да қолданыстан шыққан жоқ, қазіргі таңда оқу-оқыту үдерісінде пайдаланылатын еңбектер «оқу құралы» деп аталатыны белгілі. Бұдан Ахмет Байтұрсынұлының қазақ білім беру жүйесіндегі оқулықтардың атауын қалыптастыру рөлін, үлесін айқын көруге болады. Олай болса, «оқу құралы» атауы, ең әуелі – «оқу, жазу үйрену, сауат ашу құралы» деген мағынада қолданылады.

Ендігі кезекте Ахмет Байтұрсынұлы «оқу құралы» деп атаған оқулық түрлеріне жеке-жеке тоқталайық (1-сурет):



1-сурет – «Оқу құралы» аталған Ахмет Байтұрсынұлы оқулықтарының жүйесі мен түрлері

«Оқу құралы» атауымен 1912-1928 жылдар аралығында Ахмет Байтұрсынұлының 20-дан аса оқулықтары жарық көрді. Оларды ішкі мазмұны мен оқу-оқыту үдерісіндегі қызметіне қарай үш топқа бөлуге болады:

Бірінші, «Оқу құралы», ол – әліппелер;

Екінші, «Оқу құралы» деп «Баяншы» еңбегін атады;

Үшінші, «Оқу құралы», қазіргі тілмен айтқанда – хрестоматия.

Төменде бұларға жеке-жеке тоқталайық:

Жоғарыда айтқанымыздай, ғалым 1912 жылы алғаш жарық көрген оқулығын, бұған дейінгі дәстүр бойынша «алфба» деп атамай, «оқу құралы» деп атады. Өйткені ғалымның

тілқорғау күресінің өзекті бағытының бірі – ғылым тілін қазақша қалыптастыру десек, ғылыми ұғымдарды ғана емес, қазақ білім беру саласындағы бағдарламалық, методологиялық сипаттағы атауларды да бірден қазақша қалыптастыруды көздеген болса керек.

«Оқу құралы» 1912-1921 жылдарда тек балаларға арналған еңбек болды, оның өзі 3 кітаптан тұрады: біріншісі – «Оқу құралы» // Қазақша алфба; екіншісі – «Оқу құралы» // Қазақтан басқа, түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатын қаріптерді үйрету үшін хәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген алфбаға жалғас 2-кітап; үшіншісі – «Оқу құралы» // «Баяншы». 1921 жылдан бастап «Оқу құралы» (Алфба) еңбегі «балалар

үшін» және «үлкендер үшін» болып екіге бөлінді де, екі бөлек әліппе дайындалды. 1921 жылғы үлкендерге арналған оқу құралының мұқабда «Бірінші кітап» деп берілген. Бұған қарағанда, балаларға арналған «Оқу құралы» сияқты, үлкендерге арналған «Оқу құралы» да бірнеше кітаптан тұрса керек. Бірақ олар бізге жетпеді.

1922-1925 жылдар аралығында «Байтұрсынұлының өтпелі кезең емлесіне» (1912-1922 ж.) екі рет түзетулер мен толықтырулар енгізілді. Осыған байланысты араб-парсы сөздерін жазуға арналған 12 кірме қаріптер әліпбиден шығарылып, жоғарыда айтылған, балаларға арналған «Оқу құралының» 2-кітабы қажеттілігін тоқтатты. Ал «Баяншы» деп аталған 3-кітабы да түзетулер себебінен құрылымын өзгертіп, 1923 жылғы 13 баптан тұратын «Жаңа емле ережеге» және 1924 жылғы «Емле ережеге» айналды. Сондай-ақ, болжам ретінде айтар болсақ, 1924 жылы 24 бет көлемінде жарық көрген, қазірге дейін табылмай келе жатқан «Әліппе астары» оқулығы «Баяншы» жетілген нұсқасы ма ма деген де ой келеді. Өйткені басылым мерзімі, көлемі, кітап атауынан байқалатын мазмұн, бәрі де осы болжамға еріксіз жетелейді.

Әліппелер 1925 жылға дейін «Оқу құралы» деп аталып келді де, қазақ емле ережесінің өзгеруі себебінен қайта түзіліп, 1926-1928 жылдар аралығында «Оқу құралдың» балаларға арналғаны «Әліп-би» // Жаңа құрал, ересектерге арналғаны «Сауат ашқыш» болып өзгерді.

1926 жылдан кейін «оқу құралы» атауы тек оқу мәтіндер жинағына, яғни белгілі әдістемелік, дидактикалық жүйемен түзілген «хрестоматияға» қолданылды. 1928-1929 жылдары тілді қолдана білуге арналған әдістемелік кітабының тағы да бір атау – «Тіл-жұмсар» пайда болды. 1929 жылдан кейін Ахмет Байтұрсынұлының оқулықтары, кітаптары жарық көрмегені белгілі, сондықтан ғалым еңбектерінің «оқу құралы» аталуы осы кезеңде аяқталды. Ал «оқу құралы» атауы содан бастап оқу мәтіндері жинақталған еңбектердің атауы ретінде барлық ғылым саласында қолданыс таба бастады.

Бұдан «Оқу құралы» дәуірдің, білім беру үдерісінің қажеттілігіне қарай құрылымы, мазмұны, графикалық ерекшелігі, ең бастысы – атауы іштен төлеп, одан жаңа сипаттағы атаулар пайда болғанын көруге болады.

Ендігі кезекте 1912-1928 жылдар аралығында жарық көрген «Оқу құралы» басылымдарының толық библиографиялық көрсеткішіне назар аударайық.

«Оқу құралы» басылымдары туралы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері түрлі жинақтар мен көптомдықтарда, зерттеу еңбектерінде деректер берілді. Айталық, «Тіл тағылымы» жинағында «оқу құралы» деп аталған әліппелер мен хрестоматиялардың 15 басылымы, «Сауат ашқыштың» 2 басылымы, «Баяншының» 2 басылымы, «Оқу құралы» атауынан төлеп шыққан жалпы 20 басылымның тізімі берілген (Тіл тағылымы, 1992: 443-445 б.). Айта кету керек, бұл, алғашқы болғанына қарамастан – қазірге дейінгі деректердің ішіндегі айтарлықтай дұрысы және толығы. Өйткені мұны құрастырушылар – танымал библиографтар, Ш.Ш.Сарыбаев, А.Қ.Мектепов, Ғ.Қ.Әнес. Ғалымдар отандық қана емес, шетелдік мұрағаттар мен сирек қорларды пайдаланып, түпнұсқа бойынша жұмыс істегені анық байқалады. «Тіл тағылымы» жинағында берілген «Оқу құралы» басылымдарының тізімінде бір ғана күмәнді дерек бар. Айталық, «Әліп-би» (Жаңа құрал) еңбегінің 1927 жылғы 2-басылымы Ташкент қаласында жарық көрген деп берілген (Тіл тағылымы, 1992: 444 б.), шын мәнінде оқулық Қызылорда қаласында ғана аталған жылы 3 рет басылып шыққан. Ташкентте шықпаған, шықса да, қазірге дейін еңбектің түпнұсқасы бізге жетпеді.

«Тіл тағылымы» жинағындағы аталған библиографиялық деректер бұдан кейінгі түрлі басылымдар мен көптомдықтарда да пайдаланылып, бірден бірге көшіп отырған. Олардың көпшілігі түпнұсқа бойынша жұмыс жасалмай, дайын деректерді пайдаланғандықтан, «Оқу құралының» жүйесіне түсінбей, кейбір метадеректерді түрлендіріп, айтарлықтай ағаттықтарға себепші болған. Түпнұсқа еңбектермен жұмыс жасағандардың өзі көбінде тек отандық қорларды пайдаланғандықтан, «Оқу құралының» толық басылымдарына қолы жетпей, айтарлықтай олқылықтарға ұрынған. Солардың қажетті бірнешеуіне тоқталайық:

2003-2006 жылдары шыққан «Ахмет Байтұрсынұлының Бес томдық шығармалар жинағының» 4-томында «Оқу құралының» 11 басылымы туралы деректер берілген (Байтұрсынұлы, 2006: 305-307 бб.). Мұнда «Оқу құралы» басылымдарының тізімі толық болмағанымен, айтарлықтай ағат деректер кездеспейді.

2013 жылы шыққан «Ахмет Байтұрсынұлының Алты томдық шығармалар жинағының» 4-томында «Оқу құралы» кітабының араб-парсы сөздерін жазуға арналған екінші кітабы мен «Баяншы» 1913 жылы Орынбор және Қазан қа-

лаларында қатар шыққан деп беріледі (Байтұрсынұлы, 2013: 346 б.). Бұл басылым 1913 жылы Орынборда шыққаны анық, бірақ Қазанда шыққанына біз күмәнмен қараймыз. Аталған 1913 жылғы Қазан басылымы туралы ешқандай дерек те, түпнұсқа кітаптар да табылмады. Байтұрсынұлы «Тіл-құрал», «Оқу құралы», өзге қандай да бір оқулығын 1913 жылы Қазанда бастырмаған. «Қазақ» газетіндегі кітаптардың басылымы туралы жарнама-ақпараттардан да кездеспеді. Бұл, біздің шамалауымызша, әр жерден ала салған ағат деректер болса керек.

2013 жылы шыққан «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің жинағында «Оқу құралының» бірінші кітабы 1919 жылы 40 бет көлемінде Семей қаласында шыққан деп берілген (Әнес, 2013: 635 б.). Бұл да – күмәнді деректердің бірі. Бірақ Ғ.Әнес 2020 жылы жарық көрген әліппе туралы мақаласында: *«Қолымызға жақында түскен ерекше құнды жәдігер – Семей облыстық «Алашорда» советінің қолдауымен Алаш (Семей) қаласында жарық көрген «Оқу құралының» 1919 жылғы (40 бет) басылымы»* (Әнес, 2020), – деп береді. Ғалымның бұл деректерді қайдан алғаны да, еңбекті нақты қай кезде тапқаны да, 1919 жылғы «Оқу құралының» түпнұсқасы да бізге белгісіз. Бірақ ғалым табылмаған, анықталмаған басылым туралы айтпасы анық.

«Оқу құралы» басылымдарын түбегейлі анықтап, ауқымды мақала жазғандай көрінген Әділет Ахметұлы бірнеше жыл бұрын «adupa.kz» сайтында жарияланған мақаласында (Ахметұлы, 2022) «Оқу құралы» басылымдарының санын 15 деп көрсетеді. Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының 1912 жылы шыққан «Оқу құралы» (Бісул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша әліпбиге «Баяншы») еңбегін Ташкентте шыққан деп береді, шын мәнінде, ол 1912 жылы Орынборда шыққан. Байтұрсынұлы оқулықтарын алғаш Орынборда енді ғана шығара бастағанда, сахара аттап оны Ташкентте шығаруы қисынға да келмейді және онда шығаруға қажеттілік те аз еді. Аталған еңбек 1921 жылы ғана Ташкентте шыққан. Сондай-ақ мақала авторы 1914 жыл Орынборда екінші рет шыққан «Оқу құралын» (Алфба) 1915 жылы да екінші рет басылған деп береді. Анығында ол да 1915 жылы шықпаған, мұны автор сенімсіз бір деректен ала салғаны анық. Екінші басылым тек 1914 жылға тиесілі, ал үшінші басылым 1916 жылға тиесілі. Бұл ғана емес, автор 1921-жылы Семейде шыққан үлкендерге арналған «Оқу құралы» (Алфба) екінші

рет басылған және бұл басылым 120 бет деп беріледі. Біз білмей қалған дерек болмаса, сауатсыз үлкендерге арналған бұл «Оқу құралы» (Еңбектің атауы 1924 жылдан бастап «Сауат ашқыш» деп өзгереді) Семейде 1921-жылы бір-ақ рет басылған және бет саны 120 бет емес, 30 бет. Автордың мақалада ұсынған библиографиялық деректерінің рәсімделуі стандарттарға сәйкессіздігін (Гос. стандарт), ондағы жеткіліксіз метадеректер мен ауытқуларды ескермегенде, айтып өтуге тиіс ағаттықтар – осы.

Соңғы шыққан «Ахмет Байтұрсынұлының Он екі томдық шығармалар жинағының» 11-томында «Оқу құралының» екінші кітабы мен «Баяншы» 1913 жылы Қазанда шыққан деген дерек қайта кездеседі (Байтұрсынұлы, 2022: 420 б.). Бұл дерек Алты томдық шығармалар жинағынан алынғаны анық.

Мұндай ағаттықтарды мақалалар мен түрлі жинақтардан тере берсек, шеті мен шегі алысқа барады. Әсіресе бір кітаптың бет сандары әртүрлі, яғни 1 беттен 4-5 бетке, тіпті одан да көп бет ауытқулармен көрсетіледі. Осылардың өзі «Оқу құралы» басылымдарының бір жылда шыққан басқа басылымы немесе басқа таралымы ма деген күмән тудырады. Осындай ағат деректер бірден бірге көшіп, Байтұрсынұлы еңбектерінің дұрыс басылымдарына көз жеткізуді қиындата түскен.

Бұл нені түсіндіреді: әуелі, Ахметтану кіріспесі – библиографиялық деректердің өзінде олқылықтар өте көп екенін; одан кейін, зерттеушілердің ұқыпсыздығын көрсетеді. Бұл ағаттықтар Байтұрсынұлы еңбектерін аудару, құрастыру жұмыстары біліктілікпен, жауапкершілікпен жүргізілмеуден, яғни төте жазу білетін, бірақ лингвистикалық әлеуеті, академиялық жұмыс істеу дағдысы жоқ, тапсырыспен ғана жұмыс істейтін салақ аударушыларға жүктелгендіктен және Байтұрсынұлы еңбектерін нәсіп үшін құрастыруды көздейтін «кәсіпкер ахметтанушылардың» себебінен болып отыр.

Біз зерттеушілердің «Оқу құралының» басылымдары туралы деректерін өңдей отырып, отандық және шетелдік мұрағаттар мен сирек кітаптар қорынан жинаған түпнұсқа кітап қорымызды мұқият салыстыра келе, «Оқу құралының» (Мұның ішінде «Әліппелер», «Баяншы», «Сауат ашқыш» еңбектерін қоса алғанда) нақты 23 басылымы бар деп санаймыз. Олар 1912 (2 кітап), 1913, 1914, 1916, 1920 (2 кітап), 1921 (3 кітап), 1922 (2 кітап), 1923, 1924 (2), 1925, 1926 (3 кітап), 1927 (3 кітап), 1928 жылдары жарық

көрген. Мұның ішінде «Оқу құралының» (Алфба) 1912, 1924 жылғы басылымдарын 2023 жылы Мәскеуге, 1920 жылғы басылымын 2024 жылы Қазан қаласына жасаған ғылыми іссапарымыз кезінде анықтап, түпнұсқасын елге жеткіздік. Әсіресе «Оқу құралының» 1920 жылғы Орынбор

басылымы мен 1924 жылғы Орынбор басылымы бұған дейінгі бірде-бір деректе кездеспейді. Бұл – біздің аталған тақырыптағы жаңалықтарымыздың бірі. «Оқу құралы» басылымдарының толық тізімі мен метадеректерін төмендегі кестеден көруге болады (2-сурет):

ОҚУ ҚҰРАЛЫ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ БИБЛИОГРАФИЯСЫ	
1.	«Оқу құралы». Ысул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша алфба. Бірінші кітап. – Орынбор: «Керимов, Хусайынов» мәтбұғаты, 1912. – 40 б.
2.	«Оқу құралы». Ысул сутие жолымен тәртіп етілген баяншы. – Орынбор: «Керимов, Хусайынов» мәтбұғаты, 1912. – 15 б.
3.	«Оқу құралы». Қазақтан басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін һам оқуға төселу үшін тәртіп етілген алфаға жалғас 2-кітап. – Орынбор: «Керимов, Хусайынов» мәтбұғаты, 1913. – 54 б.
4.	«Оқу құралы». Ысул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша алфба. Бірінші жылдық кітап. Екінші басылуы. – Орынбор: «Керимов, Хусайынов» мәтбұғаты, 1914. – 96 б.
5.	«Оқу құралы». Ысул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша алфба. Бірінші жылдық кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор: «Керимов, Хусайынов» мәтбұғаты, 1916. – 96 б.
6.	«Баяншы». Қазақ мұғалімдері үшін. – Қазан: 6-я Государственная типография, 1920. – 15 б.
7.	«Оқу құралы». Ысул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша алфба. Бірінші кітап. – Орынбор: Типография губсовнархоза №1, 1920. – 90 б.
8.	«Оқу құралы». «Оқу құралы». Ысул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша алфба. Бірінші кітап. – Орынбор: Типография губсовнархоза №1; Киргосиздательство №18, 1921. – 90 б.
9.	«Оқу құралы». Жаңа жолмен тәртіп етілген қазақша алфба. Үлкендер үшін. Бірінші кітап. – Семейпалатинск: Семейпалатинск вторая государственная типография, 1921. – 30 б.
10.	«Оқу құралы». Ысул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша алфбаға баяншы. – Ташкент: Түркістан мемлекетінің баспа істерін басқару мекемесі, Типог. №926, 1921. – 14 б.
11.	«Оқу құралы». Ысул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша алфба. Бірінші жылдық кітап. Төртінші басылуы. – Ташкент: Түркістан мемлекет баспасы, №828, - 95 б.
12.	«Оқу құралы». Ұсұл саутия жолымен тәртіп етілген қазақша алфба. Бесінші басылуы. – Орынбор: Қазақстанның мемлекет баспасөз бөлімі, 1922. – 70 б.
13.	«Оқу құралы». Қазақша Әлбба» (Буквар). Алтыншы басылуы. – Орынбор: Қазақстан мемлекет баспасы, 1923. – 72 б.
14.	«Оқу құралы». Қазақша Әлбба» (Буквар). Жетінші басылуы. – Орынбор: Қазақстан мемлекет баспасы, 1924. – 72 б.
15.	«Оқу құралы». Қазақша Әлбба» (Буквар). Жетінші басылуы. – Орынбор: Қазақстан мемлекет баспасы, 1925. – 72 б.
16.	«Оқу құралы» (А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанұлы). III-IV жылдарда оқылатын кітап (75 суреті бар). Бірінші басылуы. – Қызылорда: Қазақстан мемлекет баспасы, 1926. – 412 б.
17.	«Оқу құралы» (А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанұлы). III-IV жылдарда оқылатын кітап (75 суреті бар). Екінші басылуы. – Қызылорда: Қазақстан мемлекет баспасы, 1927. – 412 б.
18.	«Оқу құралы» (А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанұлы). III-IV жылдарда оқылатын кітап (75 суреті бар). Үшінші басылуы. – Қызылорда: Қазақстан мемлекет баспасы, 1927. – 412 б.
19.	«Сауат ашқыш». Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әлібби. Сауатсыз үлкендер үшін бірінші кітап. – Орынбор: Қазақстан мемлекет баспасөз бөлімі, 1924. – 114 б.
20.	«Сауат ашқыш». Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әлібби. Сауатсыз үлкендер үшін бірінші кітап. – Семей: Семейдің Губірнелік баспасы «ГУБИЗДАТ» баспаханасы, 1926. – 83 б.
21.	«Әліп-би». Жаңа құрал. Бірінші басылуы. – Қызылорда: Қазақстан мемлекет баспасы, 1926. – 116 б.
22.	«Әліп-би». Жаңа құрал (Түрлі сүгіреттермен басылған). Екірші басылуы. – Қызылорда: Қазақстан мемлекет баспасы, 1927. – 116 б.
23.	«Әліп-би». Жаңа құрал (Түрлі сүгіреттермен басылған). Үшінші басылуы. – Қызылорда: Қазақстан мемлекет баспасы, 1928. – 116 б.
ДЕРЕГІ БАР, БІРАҚ ТҮПНҰСҚАСЫ ТАБЫЛМАҒАН «ОҚУ ҚҰРАЛЫ» БАСЫЛЫМДАРЫ	
1.	«Оқу құралы». Үшінші кітап. – Орынбор: «Керимов, Хусайынов» мәтбұғаты, 1913. – ?? б.
2.	«Оқу құралы». Усул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша алфба. Бірінші кітап. – Семей, 1919. – 40 б.

2-сурет – «Оқу құралы» басылымдары мен түрлерінің толық библиографиясы

Мұның сыртында, түпнұсқа кітаптарды салыстыра келгенде, тағы да мынадай деректер анықталды. Бір жылдың ішінде бір қалада басылған басылымдардың өзі бірдей деректермен

бірнеше рет басылған. Бұларды тек таралымы (тиражы) арқылы ғана ажыратуға болады. Мысалы, «Әліп-би» (Жаңа құрал) еңбегінің 1926 жылғы бірінші басылымы Қызылорда қаласында Қа-

зақ мемлекеттік баспасынан 116 бет көлемімен 3 рет басылған, олардың жеке-жеке таралымдары 20 000, 10 500, 7 500 болған. Сондай-ақ осы еңбектің 1927 жылғы (мұқабада 1928 ж.) үшінші басылымы да Қазақ мемлекеттік баспасынан 116 бет көлемімен 2 рет басылған, таралымы (тиражы) 50 000, 35 000 болған. Таралымы әртүрлі, бірақ бір жылда, бір қалада басылған бұл еңбектерді біз бір басылым ретінде санаймыз. Ал бұларды жеке-жеке басылым ретінде санасақ, «Оқу құралы» басылымдарының саны, нұсқалары 30-ға жетіп жығылады.

«Оқу құралының» (Алфба) қазақ тілінің төл дыбыстары мен оның қаріптеріне арналған бірінші кітабы мен араб-парсы дыбыстарын жазуға арналған екінші кітабы 1914 жылдан бастап, 1922 жылдар аралығында 5 рет біріктіріп басылған. Ал 1923-жылы бұл екі кітап мүлде біріктіріліп, 72 беттік бір кітапқа айналдырылған, 1923, 1924, 1925 жылдарда өзгеріссіз 3 рет басылған.

Біз бұл «Оқу құралы» деректерінің ішінде 2 басылымның түпнұсқасын таба алмай келеміз, бірақ ол басылымдарды бар екендігі, баспадан шыққандығы анық. Олар – 1912 «Оқу құралы» (Баяншы) және «Әліп-би» (Жаңа құрал) еңбегінің 1926 жылғы бірінші басылымы. Бұлардан өзге біз дерегін көрсеткен «Оқу құралы» басылымдарының түпнұсқасы толық қолымызда бар.

Қорытынды

1912 жылдан бастап жарық көрген Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» атты желілес оқулықтары қазақ тілінің дамуы мен ғылым ретінде қалыптасуында айрықша қызмет атқарды және ұлттық сипатымен өзіне дейінгі, тіпті

кейінгі әліппелерден ерекшеленді. Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық жазу реформасы «Оқу құралы» еңбегінен бастау алады. Ғалым «Оқу құралы» атауы «Әліппе» атауының орнына қолданып, қазақ білім беру саласында тірек ұғымдар мен атауларды қазақша әуелден қазақша қалыптастыру үстанымында болды.

Тәуелсіздік жылдары қайта жарық көрген «Оқу құралы» басылымдары Байтұрсынұлының жазу реформасы мен әліппе түзу әдістемесін тануға мүмкіндік берді. Дегенмен, бұл аудармаларда графикалық қателер мен деректердің ағаттығы аз емес. Сондықтан «Оқу құралы» басылымдарының академиялық, лингвистикалық толық басылымын әзірлеу қажет.

«Оқу құралының» қазірге белгілі, нақты анықталған 23 басылымы бар, бұл басылымдар жүйесі бойынша әліппелер, оқу мәтіндері және үйрету әдісін көрсететін нұсқаулықтар болып 3 бағытқа бөлінеді. Аталған үш бағыт толыққанды болып, құрмаластықта қолданылғанда, білім мазмұнының жылдам, дұрыс, жеңіл меңгерілуіне қызмет етеді. Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» басылымдарын салыстыра отырып, толық қарастырғанда ғана оқулықтағы білім мазмұны мен жүйесін, әдістемесін толыққанды ашуға болады.

Бұл мақала ҚР ҒЖБМ ҒК Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 2024-2025 жылға арналған «Қазақ тілін лингвостинергетикалық, лингвоэкологиялық, лингводидактикалық аспектіде зерттеу және оның оқу мәтіні лингвистикалық негіздерін әзірлеудегі қызметі» (ЖТН BR24993133) атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жарияланды.

References

- Ahmet Baitursynulynyn alipbi, zhazu, emle turaly enbekteri (2023). [The works of Akhmet Baitursynula on the alphabet, writing and spelling]. Oqu quraly. Gylymi tusiniktemesin zhazyp, qurastyrgan E.Maralbek [The scientific commentary was written and compiled by E. Maralbek]. Almaty. ZhK Asyl. (in Kazakh)
- Ahmetuly, A. (2022). Ahmet Baitursynulynyn “Oqu quraly” turaly [About the “Oku Kuraly” by Akhmet Baitursynula]. Adyrna. [Electronic resource]. URL: <https://adyrna.kz/post/102897> (Date of use: 24.02.2025) (in Kazakh)
- Ahmetuly, A. (2023). Alash balasynyn algashqy oqulyqtary – III [The first textbooks of Alasha-III]. Til alemi [Language World]. [Electronic resource]. URL: <https://tilalemi.kz/kz/news/alash-balasinin-algashqi-oqulyqtari-iii.html> (Date of use: 24.02.2025) (in Kazakh)
- Anes, G. (2020). Ar narse alippeden bastalady [It all starts with the ABC]. “Abai.kz” aqparattyq portaly [“Abai.kz” information portal]. [Electronic resource]. URL: <https://abai.kz/post/119794> (Date of use: 24.02.2025) (in Kazakh)
- Anes, G. (2022). Qazaqtyn algashqy “alippe” kitaptary [The first Kazakh alphabets]. “Ana tili” gazetі. [Electronic resource]. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/61202> (Date of use: 24.02.2025) (in Kazakh)
- Baitenova, Q. Mamyrbek, G. (2022). Baitursynulynyn adistemesi [The ABC of Akhmet Baitursynula]. “Egemen Qazaqstan” gazetі. [Electronic resource]. URL: <https://egemen.kz/article/304141-baytursynovtynh-adistemesi> (Date of use: 24.02.2025) (in Kazakh)

Baitursynuly, A. (1914) Til-qural [Language-tool]. Qazaq tilinin sarfy. 1-zhyldyq. 1-basylyuy [Kazakh language. The first annual]. Orynbor. “G.G. Husaiynov ushrkasynyn parauai matbugasy”. (in Kazakh)

Baitursynuly, A. (2006). Bes tomdyq shygarmalar zhinagy. 4 T. Alippeler men maqalalar [The five-volume collection of works. V. IV Alphabets and articles]. Almaty. “Alash”. (in Kazakh)

Baitursynuly, A. (2013). Alty tomdyq shygarmalar zhinagy. T. IV (Alippeler men maqalalar, ulttyq baspasözde zhariiangan kosemsozder). [Collection of works in six volumes. T. IV (alphabets and articles, prepositions published in the National Press)]. Almaty. “El-shezhire”. (in Kazakh)

Baitursynuly, A. (2013). Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. Almaty. “Abzal-ai” baspasy. (in Kazakh)

Baitursynuly, A. (2022). Shygarmalary – Sochinenia. On eki tom. 3 t. “Oqu quraly”: «Qazaqsha alfba»; “Alib-bii”; “Zhana qural” [“Works. Twelve volumes. 3 Vol. “Textbook”: “Kazakh alfba”; “Alibi-bei”; “New tool”]. Astana. “Alashorda” QQ. (in Kazakh)

Baitursynov, A. (1992). Til tagylymy (qazaq tili men oqu-agartuga qatysty enbekteri) [Til tagylymy (works on the Kazakh language and education)]. Almaty. Ana tili. (in Kazakh)

Mamyrbek, G. (2019). Ahmet Baitursynulyнын alipesi [The Baitursynuly method]. “Abai.kz” aqparattyq portaly [“Abai.kz” information portal]. [Electronic resource]. URL: <https://abai.kz/post/98357> (Date of use: 24.02.2025) (in Kazakh)

Shonanuly, T. (1923). Qazaq Gylım kenesinin zhumysy [The work of the Kazakh Scientific Council]. “Qyzyl Qazaqstan” zhurnaly, Vol. 19-21. P. 105. (in Kazakh)

Автор туралы мәлімет:

Маралбек Ермұхамет (корреспондент автор) – PhD, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Ахметтану бөлімінің меңгерушісі, жетекші ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: elahau@mail.ru).

Information about author:

Maralbek Yermukhamet (corresponding author) – PhD, Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly (Almaty, Kazakhstan, e-mail: elahau@mail.ru).

Сведения об авторе:

Маралбек Ермұхамет (корреспондент автор) – PhD, заведующий отделом Ахметоведения Института языкознания имени Ахмета Байтұрсынұлы, ведущий научный сотрудник (г. Алматы, Казахстан, e-mail: elahau@mail.ru).

Келіп түсті: 28 қаңтар 2025 жыл.

Қабылданды: 2 наурыз 2025 жыл.